



FTAMP 03.20.00

Ғылыми мақала

<https://orcid.org/0000-0002-2407-0500>

<https://orcid.org/0009-0003-5100-2444>

<https://orcid.org/0000-0002-7115-4547>

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-146-1-215-232>

## Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кемел Тоқаев шығармашылығы («Солдат соғысқа кетті» романы негізінде)

Мадияр Н. Шакиев<sup>1</sup>, Тілеген С. Садықов<sup>1</sup>, Игорь Л. Жеребцов<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>РҒА Орал бөлімшесінің ғылыми орталығы Тіл, әдебиет және тарих институты. Ресей Федерациясы, Сыктывкар қаласы

E-mail: [madiyar.shakiev@mail.ru](mailto:madiyar.shakiev@mail.ru) corresponding author, [sadykov\\_ts@enu.kz](mailto:sadykov_ts@enu.kz),  
[zherebtsov@mail.illhkomisc.ru](mailto:zherebtsov@mail.illhkomisc.ru)

**Аннотация.** Мақала мазмұны Ұлы Отан соғысының Дон, 1-ші Украин, 2-ші Белорус майданының ірі шайқастарына қатысушы Кемел Тоқаевқа байланысты өрбиді. Автор, зерттеліп отырған тұлғаның Қызыләскер құрамындағы 226-шы атқыштар дивизиясы мен 7-ші маңдай шепті бұзатын гвардиялық танк полкі жеке құрамдарының қатарында болған кездегі ұрыс іс-қимылдарының барысын ашып көрсетуге әрекет жасайды. Сонымен қатар жазушы қатысқан маңызды шайқастардың масштабы мен Қазақстанның жеңіске қосқан елеулі үлесі туралы қысқаша мәлімет береді. Зерттеу барысында Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» автобиографиялық романындағы сюжеттік оқиғалар мен көрсетілген уақыт аралығына ерекше назар аударылды. Мақала авторы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі және Орталық мемлекеттік архиві құжаттарын, мерзімдік басылымдардағы замандастар жарияланымдары мен отбасы мүшесінің естелік кітабын, Ұлы Отан соғысы туралы отандық ғалымдардың ұжымдық монографиялары мен тарихи-құжаттық жинақтарын қолданды. Ұрыс қимылдарындағы танк полкінің іс-әрекеттерін толықтырып сипаттайтын карталар визуалды түрде ұсынылған мәліметтердің дәлдігін арттыруға септігін тигізді. Кемел Тоқаев шығармасының мазмұны мен архив құжаттарындағы мәліметтерді сәйкестендіру барысында, әдеби шығарманың тарихи астары бар екендігі айқындалды. Зерттеу жұмысы қорытындысында ардагер-жазушының әскери жолының логикалық аяқталуы ретінде алған марапаттары аталып, осы бағытта әлі де зерттеулер қажет екеніне тоқталды. Сонымен бірге қазақ әдебиетіндегі жаңа детективтік жанрдың дамуы тікелей Кемел Тоқаев есімімен байланысты екені айтылды.

**Кілт сөздер:** Кемел Тоқаев, соғыс, шайқас, Қызыл әскер, Сталинград майданы, роман, жазушы.

Received 28.07.2023. Revised 28.10.2023. Accepted 15.11.2023. Available online 30.03.2024.

### For citation:

Shakiyev M.N., Sadykov T.S., Zherebtsov I.L. Kemel Tokayev in the years of the Great Patriotic war (based on the novel «A soldier who went to war») // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2024. – Vol. 146. – No. 1. – P. 215-232. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-146-1-215-232>

### Для цитирования:

Шакиев М.Н., Садықов Т.С., Жеребцов И.Л. Кемель Токаев в годы Великой Отечественной войны (на основе романа «Солдат ушел на войну») // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2024. – Т. 146. – No.1. – С. 215-232. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-146-1-215-232>

## Кіріспе

Посткеңестік мемлекеттер тарихында ауыр із қалдырған Ұлы Отан соғысы қазіргі таңда жан-жақты зерттеліп жатқан мәселелердің бірі. Аталған тақырыпта көптеген ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар, мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көрді. Соғыс бойынша бұрын қолжетімсіз болған архивтік құжаттардың құпиялық мерзімі өтуіне байланысты, ғылыми жаңалықтары бар маңызды монографиялар, диссертациялар, мақалалар, тарихи құжаттар жинақтары шығуда. Қазақстан тарих ғылымында да аталған процесс тоқтаусыз жүріп жатыр.

Германия және оның одақтастары Кеңес Одағымен арадағы Молотов-Риббентроп пактін бұзып, 1941 жылдың 22 маусымда Ұлы Отан соғысының басталуына әкеліп соқты. Бастапқыда «Барбаросса» атты соғыс жоспары бойынша КСРО-ны басып алу көзделді. Қанды қырғын кезінде Мәскеу, Ржев, Сталинград, Ленинград, Курск сияқты стратегиялық маңызды қалалар мен елді мекендерде ең ірі шайқастар орын алды. Аталған ірі әскери қимылдардың бірі Ржев шайқасына жас қазақ офицері Қасым Болтаев қатысып, ерлікпен қаза табады. Ал мақалада зерттеліп отырған тұлға, Қасым Болтаевтың туған інісі Кемел Тоқаев, алғашқы соғыс күндерін Сталинград үшін шайқаста бастайды.

Кемел Тоқаевтың қысқаша өмірбаяны. «1923 жылы 2 қазанда кіндік қаны Алматы облысының Қаратал ауданына қарасты Кәлпе ауылында тамған Кемел Тоқаев жиырма жасқа толар-толмастан соғысқа аттанды. 226 атқыштар дивизиясында, кейінірек 7 гвардиялық танк полкінің құрамында Сталинградты, Белоруссия, Украина жерлерін азат етуге қатысты. Екі жарым жыл оқ пен оттың арасында жүріп, оң аяғынан ауыр жарақат алып, елге оралды. Қазақ ұлттық университетін 1948 жылы бітіріп, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») басылымдарында жауапты қызметтер атқарды. Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі «Ведомостінде» бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды. Оннан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде басылды» (Атыхан, 2014: 3).

Қазіргі таңда, қазақ әдебиетінде алғашқы детективтік жанрдағы шығармаларын жазған жазушының өмірі әлі де толыққанды зерттелмеген. Кемел Тоқаев есіміне қатысты ашық архивтік құжаттардың аздығы, аса жоғары қорғалатын отбасының архивтік қорына қол жеткізудің қиындығы зерттеу жұмыстарына кедергілер келтіреді. Қазақстанда жасақталмаған дивизияның құрамында соғысқа аттануы, өз алдына әскери іс қимылдарға қатысу барысын қарастыру мәселесін қиындатады. Оған қоса Ұлы Отан соғысы туралы көптеген архивтік деректердің құпия сақталуы, зерттеу жұмыстарын тежейді.

## Зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында баяндау (нарративтік) және хронологиялық тәсілдер қолданылды. Бірінші, баяндау әдісі жазушы өмірінің маңызды тұстарын, әсіресе

соғыс уақытындағы елеулі оқиғаларды сипаттауға мүмкіндік туғызады. Екінші, зерттеліп отырған тұлғаның биографиясындағы әскери іс-қимылдарға қатысты бөлігін хронологиялық ретпен қарастыру мәселесіне орай қолданылды. Жоғарыда келтірілген методологиялық тәсілдер мақаланың зерттеу тақырыбынан ауытқымай, тиянақты жазылуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» автобиографиялық романының мазмұны мен архив құжаттарында ұсынылған мәліметтерді салыстыру әдісі арқылы сәйкестіктер анықталды.

## Талқылау

Ұлы Отан соғысы Қазақстан тарихындағы ең ауқымды, түбегейлі зерттелмеген тақырыптардың бірі және оның тарихнамасын кезеңдеу, мақалада Тәуелсіздік алғаннан кейін бастау көзделді. Отандық ғалымдар зерттеулерін жүйелеу мақсатында негізгі екі кезең қарастырылды.

Бірінші кезең, 1991-2005 жылдар аралығында кеңестік тарихнамадан алшақтау процесі басталып, соңғы жылдары үдей түседі. Аталмыш кезеңде Қ. Аманжолов (Аманжолов, 1991), П. Белан, Н. Едігенов (Белан, Едыгенов, 1995), М. Қозыбаев (Қозыбаев, Едыгенов, 1995) сияқты және басқа да ғалымдардың еңбектері елеулі орын алады. Бұл еңбектер Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еліміздің тарихы туралы құнды мәліметтер береді. Соның ішінде Қазақстан территориясында жасақталған әскери бөлімдер, жеке жауынгерлер мен тыл қызметкерлері деңгейінде архивтік құжаттарға сүйеніліп жазылған. Сонымен қатар жеңістің 60 жылдығына орай монографиялар, ғылыми конференция жинақтары, мерзімді басылымдарда мақалалар шығарылды.

Екінші кезең, 2006-2022 жылдар аралығындағы тарихнамада ұлттық нарративтің бәсеңдеу үдерісі байқалады. Осы орайда жеңістің 65 жылдығы мен 70 жылдығына байланысты жарыққа шыққан көлемді жұмыстарды атап өтуге болады. Мысалы, 2010 жылы жарыққа шыққан Б. Аяған, Х. Әбжанов, Т.С. Садықов, Ж.Ұ. Қыдыралинаның бірлескен «Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында» атты тарихи-құжаттық зерттеуіне тоқталған негізді. Сонымен қатар «Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарына қазақстандықтардың қатысуы)» (Аяған және т.б., 2015) ұжымдық монографиясында аталған тақырып жан-жақты қамтылған. Атап айтқанда, Қазақстан аумағында құрылған әскери құрамалардың ірі шайқастарға қатысу барысы, соғыс жылдарындағы экономикалық-өндірістік жағдай, жекелеген ардагерлердің естеліктері қарастырылған. Бұл еңбектердің маңызы ҚазССР-дің ұлы жеңіске қосқан үлесіне байланысты кеңестік кезең зерттеушілерімен қамтылмаған мәселелер отандық тарихшылар тарапынан сараланып, орынды баға берілген.

Ұлы Отан соғысы тарихын, Қазақстанда құрылған әскери бөлімдердің, қатысушы тұлғалардың биографиясын зерттеуде құнды мәлімет беретін мемуарлар, автобиографиялық шығармалардың алатын орны ерекше. Осыған орай Бауыржан Момышұлы (Момыш-ұлы, 1988), Қасым Қайсенов (Қайсенов, 1954), Мәлік Ғабдуллин (Ғабдуллин, 1961) сияқты ардагер-жазушылардың естелік еңбектерін атап өтуге болады. Аталған тұлғалардың қатарына Кемел Тоқаевты да жатқызу негізді.

Кемел Тоқаев тұлғасына қатысты түбегейлі зерттеулер жоқтың қасы. Қазіргі таңда Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» (Тоқаев, 2005) естелік еңбегі мен Ұлттық академиялық кітапхана ұжымының шығарған библиографиялық көрсеткіште ғана архивтік құжаттарға негізделген тыңғылықты деректерді көруге болады. Сонымен қатар республикалық, өңірлік деңгейдегі мерзімдік басылымдарда жарық көрген замандастарының соғыс, шығармашылық, қызметтік жолдары туралы мәлімет беретін мақалаларды атап өтуге болады.

Мақаланың негізіне зерттеліп отырған тұлғаның соғыс жылдары туралы «Солдат соғысқа кетті» (Тоқаев, 1983) романы алынып, мазмұны мен сюжеттік оқиғалар хронологиясы архивтік құжаттар негізінде сәйкестендірілді.

Нәтижелер. Соғыс жағдайында жауынгерлерді моральдық қалпын жоғары деңгейде сақтау үшін, партия басшылығы тарапынан Қызыл әскер жетістіктерін ашық көрсетіп отырды. Алайда көп мөлшерде адам шығынына алып келген сәтсіздіктерді бүркемелеу, статистикалық мәліметтерді бұрмалау, құжаттарды аса құпия ұстау саясаты да жүргізілді. Сол себепті Ұлы Отан соғысының көптеген шайқастары мен әскери операцияларының барысын тарихи тұрғыда зерттеп, нақты баға беру қиын. Сондай-ақ, дақтары көп сәтсіздіктердің біріне Ржев қоршауын атап өткен негізді. Аталған қоршауда зерттеліп отырған тұлғаның ағасы ерлікпен қаза тапқан.

Кемел Тоқаев пен ағасы Қасым Болтаев 1933 жылы ашаршылық салдарынан Фрунзе (Бішкек) қаласына көшуге мәжбүр болды. Бір күнде әке-шешесі мен қарындасынан айырылған ағайындылар балалар үйінде тәрбиеленіп, біраз уақыттан соң Шымкент қаласындағы жетім балаларға арналған мектеп-интернатына ауыстырылады. Орталық мемлекеттік архивтегі Кемел Тоқаевтың жеке қорында сақталған құжатта келесі мәлімет келтіріледі: «Анықтама. Кемел Тоқаевтың 1933-1940 жылдар аралығында балалар үйінің тәрбиеленушісі болғанын растау үшін берілді. Құжатты Шымкент қаласының М.И. Калинин атындағы қорғасын зауытының директоры куәландырып, қол қояды» (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві 1038 қ, 1 т, 35 іс, 3 п).

Кемел Тоқаевтың ағасының соғыста қаза табуының мән-жайлары ұзақ уақыт бойы белгісіз болып, тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана деректер табылды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» естелік еңбегінде осындай деректер келтіріледі. Мәселен, «Тиісті жұмысты Н. Әбіқаевтың басқаруымен Қазақстанның Ресейдегі елшілігі жүргізді. «Мемориал» қоғамының мұрағатындағы «Бас ПУР РККА ЧК бөлім бастығы, полк комиссары Гитерманның «Калинин майданы саяси кеңесі мүшелерінен қаза болғандар, Қызыл Армия қатарынан шығару» деген баянжазбасы табылды, ол «1942 жылы 22 ақпанда ұрыста қаза тапты» деп жазылған» (Тоқаев, 2005: 156). Ржев түбіндегі шайқас туралы деректер көп жылдар бойы жасырылып, архивтік құжаттар құпия сақталды. Себебі Ұлы Отан соғысындағы Қызыл Әскер бөлімдердің жеке құрамы қырылған ең сәтсіз шайқастардың бірі болды. Қасым Болтаев туралы мәліметтердің көп уақыт бойы белгісіз болу себебі осыдан деген тұжырым жасауға болады. «Материалда Қ. Болтаев кіші саяси жетекші шенінде, «186-шы атқыштар дивизиясының 290-шы атқыштар полкі көлік ротасының саяси жетекшісі лауазымын атқарғаны айтылады. Биографиялық мәліметтеріне келсек, Қ. Болтаев 1920 жылы

Алматы облысының Қаратал ауданында дүниеге келген, қазақ, бойдақ, 1942 жылдан бастап БКП(б) мүшесі, Қызыл Армия қатарында 1939 жылдан бері, саяси жұмыста 1941 жылдан. Тверь облысы, Ржев ауданының Трубино ауылындағы бауырластар зираты оның жер бетіндегі соңғы мекеніне айналды» (Тоқаев, 2005: 157). Кемел Тоқаев ағасы ерлікпен қаза тапқан кезде әскерге шақырылуға жарамды жаста болды. Фрунзе қаласындағы жаяу әскер училищесіндегі 3 айдан астам дайындықтан кейін майданға жіберілді. «Солдат соғысқа кетті» автобиографиялық романының «Солдат күнделігінен» атты бөлігінің үзіндісінде, 1942 жылдың 24 тамызында училище курсанттарын сапқа тұрғызып, лейтенант атағын алу емтиханынан бұрын, шұғыл соғысқа аттанатындары туралы жарияланғаны баяндалады (Тоқаев, 2005: 157). Бұл мәліметті растайтын Орталық мемлекеттік архивтегі Қазақстан Жазушылар одағы қорының жеке ісінде өз қолымен толтырған сауалнама парағы сақталған. «Еңбек жолы басталғалы атқарылған қызметі (әскери қызметті қоса алғанда)» пунктіндегі таблицада төмендегі мәліметтер келтірілген:

№	Мекеменің атауы мен орналасқан жері (толық)	Лауазымы	Уақыт аралығы	Ауысу себебі
1	Фрунзе жаяу әскер училищесі, Фрунзе қаласы	Курсант	1942 жыл, мамыр-1942 жыл, қыркүйек	Қорғаныс халық комиссары бұйрығы
2	226 атқыштар дивизиясы	Бөлімше командирі	1942 жыл, қыркүйек-1942 қараша	Қорғаныс халық комиссары бұйрығы
3	Әскери госпиталь		1942 жыл, қараша-1943 жыл, қаңтар	
4	7-ші гвардиялық маңдай шепті бұзатын танк полкі	Бөлімше командирі	1943 жыл, қаңтар-1945 жыл, қаңтар	Қорғаныс халық комиссары бұйрығы
5	Гомель, Омск қалалық хирургиялық госпиталі		1945 жыл, қаңтар-1945 жыл, шілде	

*Кемел Тоқаевтың жеке іс-парағы (ҚР ОМА 1778 қ, 1 т, 817 іс, 7 п).*

Кемел Тоқаевтың автобиографиялық романының жалғасында әскери бөлімдерінің Сталинград шайқасына қосылатыны туралы келесі үзіндіде баяндалады. «30 қыркүйек, 1942 жыл. Ертең соғысқа аттанамыз. Бағытымыз Сталинград майданы. Қазір ғана комсомол активінің жиналысы боп өтті. Сонда жағдайдың өте ауыр екені айтылды. Майданға шұғыл көмек керек» (Тоқаев, 1983: 8). Жоғарыда келтірілген таблицадағы деректі хронологиялық шеңберге сәйкестендірген жағдайда, 226 атқыштар дивизиясы құрамында болған.

1942 жылы, бірнеше сәтті әскери іс-қимылдарды жүзеге асырған жау бөлімдері Кеңес Одағының оңтүстік өңірлеріне қарай ығысты. Себебі Қызыл Әскердің мұнай, металл, астық, су сияқты маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз ететін орталықтары және тасымалдау жолдары болып саналатын Еділ, Дон, Кавказ аудандарын басып алуды көздеді. Осы мақсатта Сталинградтың географиялық орналасуы, стратегиялық тұрғыда маңыздылығы, Германия басшылығының назарына түсіп, басты нысананың біріне айналуына негіз болды. «Германияның осы соғыс операциясы табысты іске асқанда Кеңес Одағын қолдаған мемлекеттердің Германияға деген саясаты өзгертіндігі ескерілді. 1942 жылғы жемісті шабуылдар Германияның одақтастары арасындағы беделінің артып, олардың Кеңес одағына қарсы соғыста белсенділік көрсететіндерін де есепке алды. Соның ішінде Түркияның одақтастық міндеттерін атқаруға деген жауапкершілігін, Жапонияның шығыстан Кеңес Одағына шабуыл жасауын талқылауға арналған нақты келісімдер де қарастырылды. Яғни, фашистік Германия 1942 жылдың жазынан басталатын жаңа соғыс операциясына үлкен үміт артты» (Аяған және т.б., 2015: 110).

Демек, Сталинград шайқасының нәтижесі, соғыс барысын түбегейлі өзгерткен әскери операция. Себебі, одақтас және бақылаушы мемлекеттер Кеңес Одағы немесе Германия пайдасына екінші, үшінші майданды ашу шешіміне ықпал ететін негізгі фактор болып саналды.

Сталинград үшін шайқас әлем тарихындағы ең қайғылы қанды қырғындарының бірі. Соғыс театрындағы әскери-іс қимылға жеке құрам мен әскери техниканың сандық масштабы, аталған географиялық нүктенің стратегиялық маңызын айқындайды. «Сталинград шайқасының ауқымы да зор болды. Кейбір кездерде екі жақтан 2 миллионнан астам, 2 мыңнан астам танк және осыншама самолет, 26 мың зеңбірек пен миномет қатыстқан шайқас 1942 жылғы шілденің ортасынан басталады» (Аяған және т.б., 2010: 142).

Екі жақты табанды ұрыстың бастапқы қайнаған кезеңі 1942 жылдың 17 шілдесі мен 19 қараша аралығында болды. Германияның шабуылдап, Кеңес әскерлерінің бөлімдері қорғанып жатқан уақытта, Кемел Тоқаев, 226 атқыштар дивизиясы құрамында қатарларына қосылды.


Кемел Тоқаев романындағы «Солдат күнделігінен» бөліміндегі үзіндісінде, «1942 жылы 2 қараша күні дивизия штабына шақырылғаны баяндалған. Мазмұнында жау тылында арнайы тапсырма орындау барысында қолынан жарақат алғаны айтылады. Жоғарыда келтірілген жеке істегі құжатының таблицасында, әскери госпитальға түскен кезі 1942 жылдың қараша айы деп көрсетілген» (Тоқаев, 1983: 100). Осыдан автобиографиялық романдағы оқиғалар мен жеке ісіндегі материалдағы хронологиялық сәйкестікке тағы көз жеткізуге болады.

Автобиографиялық туындыда, 1942 жылдың 26 желтоқсанда зерттеліп отырған тұлға «госпитальдан дәрігерлік комиссия рұқсатымен, соғыс алаңына оралғаны айтылған. Ал 1943 жылы 1 қаңтарда 7-ші гвардиялық маңдай шепті бұзатын танк полкі құрамына іріктелгені» туралы тоқталып кетеді (Тоқаев, 1983: 124). Осыған орай, жазушының архив құжаттарында сақталған деректерінде госпитальдан шығу уақыты мен жаңа әскери бөлімге автоматшылар взводының бөлімше командирі лауазымына қабылданғаны, жоғарыда көрсетілген хронологиялық аралыққа сай келеді. Аталған гвардиялық полк Сталинград майданында соғысты. Демек, Кемел Тоқаев стратегиялық маңызды қала үшін соғысын жалғастырды.

«7-ші гвардиялық маңдай шепті бұзатын танк полкі Норильск қаласында, 1942 жылғы 27 қазандағы Қорғаныс халық комиссарының № 1104913сс және Мәскеу автобронетанкі орталығы басшысының № 813 директивалары негізінде, 329-шы танк батальоны мен 119-шы танк бригадасының базасынан жасақталған. Құрамы: полк басшылығы, полк штабы, әрқайсысында 5 КВ-1С танкілері бар 4 танк ротасы және техникалық қамтамасыз ету ротасы. Полк 90% бұрын ұрыстарға қатыспаған және танк жүргізу тәжірибесі жеткіліксіз жеке құрамнан жинақталған» (Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві 328 қ, 4852 т, 97 іс, 118 п). Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес, Кемел Тоқаев жаңадан жинақталған, соғыс тәжірибесі аз жауынгерлерден тұратын полк құрамында болған. Өйткені, келесі дерекке тоқталған кезде, аталған әскери бөлімнің алғашқы шайқасы Кемел Тоқаев госпитальда ем алып жатқан кезде болған. Дерек мәтінінен үзінді төменде келтірілген. «1942 жылы 25 қарашаға қараған түні 66-шы армия штабы №30 бұйрығымен 7-ші танк полкіне жаңа тапсырма берді. Тапсырма: 25 қараша күні таңда МТФ аймағындағы Сухая Мечеткаға шығып, 64 және 99 атқыштар дивизияларымен өзара байланыста бола отырып, Орловка мен Городище елді мекендерін басып алу» (РФ ҚМОА 328 қ, 4852 т, 273 іс). Болашақ жазушының алғашқы госпитальға түскенге дейінгі 226 атқыштар дивизиясының жеке құрамынан, тез арада 7 гвардиялық танк полкіне ауысуын, аталған әскери бөлімдердің бір оперативтік аймақта әрекет етуімен түсіндіруге болады. «1942 жылы 5 желтоқсандағы №032 армия оперативтік штабының әскери бұйрығына сәйкес, 7-ші гвардиялық танк полкі 226 атқыштар дивизиясының құрамына уақытша өтеді және осы бұйрық бойынша 7 желтоқсан күні 141,0 биіктігі бағытында шабуыл жасап, 7 желтоқсан күні аяқталғанға дейін темір жол бөлігі мен 124,0 биіктігін бағындыру тапсырмасы қойылады. 226-шы атқыштар дивизиясын күшейтуге жіберілген штаб майданының мәліметі бойынша, 7-ші гвардиялық танк полкінің құрамында 198 адам жеке құрамы, 4 танк, 3 бронь машинасы, 37 автокөлік, 11 ППД мен ППШ, 51 винтовка. Ал 226 атқыштар дивизиясында – 4764 адам жеке құрамы көрсетілген. 6 желтоқсан күні сағат 22:00-ге қараған уақытта Борсучья балкасында орналасқан танк полкі 5 ұрысқа жарамды КВ-1С танкілерімен толықтырылды» (РФ ҚМОА 328 қ, 4852 т, 282 іс, 192 п).

Автобиографиялық романда Кемел Тоқаев, қаңтар айының бірінші жартысында, көршілес атқыштар дивизияларымен бірнеше шабуылдарға шыққанын баяндайды (Тоқаев, 1983: 125). Аталған уақыт аралығындағы 7-ші гвардиялық танк полкінің штаб баяндамаларының бірінде, екі жақты шығын туралы төмендегідей мәлімет беріледі. «10-20 қаңтар аралығында шабуыл барысындағы 7-ші танк полкінің территориялық жағынан шағын алға жылжуы байқалғанымен, жаудың 16 танкісін, 1 өздігінен жүретін ату құралын, 1 құрышталған көлік, 4 автокөлік, 16 ПТО қаруы (қосымша 17 қару екпіні басылды), 4 танкіге қарсы ату құралы, 21 пулемет, 46 блиндажы, шамамен 442 неміс жауынгерлері жойылды. Танк полкінің өз шығындары 17 танк, соның ішінде 1 КВ танкісі өртенді, 2 танк (1 КВ, 1 Т-70)- минадан жарылды, 14 танк (8 КВ, 5 Т-34, 1 Т-70) істен шықты. Жеке құрамнан 36 адам саптан шықты, соның ішінде 18 адам қаза тапты, 5 адам хабар ошарсыз жоғалды, 13 адам жараланды» (РФ ҚМОА 328 қ, 4852 т, 97 іс, 180-182 п). Жоғарыда айтылған хронологиялық аралықта, Кемел Тоқаев штабқа шақырылып, штаб басшысы майор Стальскийден (прототипі Смирнов) құпия бұйрық алғанын баяндайды. «Ерекше тапсырма» деп аталатын бөлімде, шабуыл барысында КВ-

85 танк экипажы терең жау тылында қалып қойғанын айтады. Полк басшылығының берген тапсырмасы, аталған экипажды тауып, дереу эвакуация шарасын қолдану болды деп суреттеледі (Тоқаев, 1983: 127). Арнайы операцияның аяқталғанын 1943 жылы, 18 қаңтарда жазған «Солдат күнделігінен» жазбаларындағы үзіндіден көруге болады. Бұл бөлімде эвакуация тапсырмасы сәтті болып, кейін әскери бөлімнің басқа роталармен бірге шабуылға шықпай, резервте қалғаны туралы айтылады. Роман мазмұнының тарихи шындығы жоғары екендігін келесі деректік мәліметтерден көруге болады. «1943 жылдың 21-24 қаңтар аралығында, 7-ші гвардиялық танк полкі танк паркінің жетіспеушілігі салдарынан әскери іс-қимылдарға қатыспай, шайқас алаңынан эвакуацияланған 3 КВ-1С танкілерінің жартылай жөндеу жұмыстарымен айналысты. Жөндеу барысында танктердің қозғалтыштары, радиаторлары ауысып, қозғалу бөліктері қалпына келтіріліп, құрышы бекітілді» (РФ ҚМОА 328 қ, 4852 т, 97 іс, 206 п).




Сурет 1. 1943 жылдың басындағы 66-шы армия майдан сызығының орналасқан жері  
(РФ ҚМОА 328 қ, 4852 т, 97 іс, 207 п)

7-ші гвардиялық маңдай шепті бұзатын танк полкі Сталинград шайқасының соңына дейін белсенді қатысты. Германия әскери бөлімдері мен Қызыл әскер арасындағы күш тепе-теңдігінде айқын өзгеріс пайда болып, біріншісі екіншісінің қоршауында



қалды. Қоршау ішіндегілердің оқ-дәрі мен азық-түлік жағынан қамтамасыз етілуі қиындады. Нәтижесінде, неміс бөлімдерінің жеңілуі уақыт еншісінде ғана болды. Күш басымдылығын пайдаланып, Кеңестік бөлімдер шабуылдарын бәсеңдетуге тырысты.




Сурет 2. 226-шы мен 343-ші атқыштар дивизиялары жеке операциясының нәтижесі. Дон майданы штабының картасы (РФ ҚМОА 7311 қ, 158826 т, 7 іс, 16 п)

«Солдат соғысқа кетті» романындағы күнделік жазбаларда 7-ші гвардиялық маңдай шепті бұзатын танк полкі жөндеу жұмыстарын аяқтап, атқыштар дивизияларымен бірге бірнеше сәтті шабуылға шыққаны баяндалады. Күнделік жазбасының соңында «18 қаңтар, 1943 жыл. Сталинград майданы» (Тоқаев, 1983: 159), - деп жазылған. Кемел Тоқаевтың жазбаларын дәлелдейтін келесі архивтік құжаттарды келтіруге болады. «116-шы атқыштар дивизиясының шабуылы 1943 жылы, 24 қаңтар күні сағат 10:30 да 441-ші мен 656-шы атқыштар полкі күштерімен жүзеге асырылды. Әскери іс қимылдар



83 адам. Соның ішінде 62-сі қаза тапқан немесе хабар ошарсыз жоғалғандар, 21-і жараланғандар» (Коломиец, 2014: 107-108).



Сурет 3. 1943 жылдың басындағы 7-ші танк полкінің орналасқан жері (РФ ҚМОА 328 қ, 4852 т, 97 іс, 183 п).

Кемел Тоқаев құрамында болған 226-шы атқыштар дивизиясы мен 7-ші танк полкі Қазақстанда жасақталмағаны осыған дейін айтылды. Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мемлекеттерінің тағдырын шешетін Сталинград шайқасында, Қазақстанда құрылған әскери бөлімдер де көп болды. «Абырой мен парыз» тарихи ұжымдық монографиясында, аталған шайқасқа тікелей қатысқан қазақстандық әскери құрамалар туралы мәліметтер келтірілген. Мәселен, «Сталинградты қорғаудағы соғыста тұтастай әскери құрамалар және көптеген жауынгерлер ерліктің үлгісін көрсетті. Сталинград бағытындағы әскерлер құрамында Кеңес Армиясының 320-дан аса құрамалар – бес атқыштар және атты әскер дивизиясы, атқыштар бригадасы, миномет полкі мен механикаландырылған көпір салатын батальон қызмет етті» (Аяған және т.б., 2015: 112).

Кеңес жауынгерлері ұрыс барысында көрсеткен ерліктері үшін, әскери басшылық тарапынан әр түрлі деңгейдегі ордендермен, медальдармен марапатталып отырды. Маңызды қалаларды қорғауда көзге түскені үшін Қызыл Армия жеке құрамын марапаттауға арнайы жарлық шығарылды. Айтылып отырған 1942 жылы, 22 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығынан үзіндінің мазмұны келесідей көрсетілген. «1. КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының өтінішін қанағаттандырып, «Ленинград қорғаны үшін», «Одесса қорғаны үшін», «Севастополь қорғаны үшін», «Сталинград қорғаны үшін» арнайы медальдар тізімін бекіту. 2. Ленинград, Одесса, Севастополь мен Сталинград қалаларына қатысқандардың барлығын «Ленинград қорғаны үшін», «Одесса қорғаны үшін», «Севастополь қорғаны үшін», «Сталинград қорғаны үшін» медальдарымен марапаттау» (Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві 7523 қ, 4 т, 115 іс, 10 п). Кемел Тоқаев, 6 айдан астам уақытқа созылған Сталинград қаласының қорғаны үшін аталған медальмен марапатталған.

7-ші гвардиялық танк полкі ауыр ұрыстардан кейін, жеке құрамы мен материалдық-техникалық базасын жөндеу, жаңарту жұмыстарын жүргізу қажет болды. Максим Коломиецтің еңбегінде танк полкінің 1943-1944 жылдардағы іс-қимылдары туралы кейбір мәліметтер берілген. Мәселен, «7-ші гвардиялық танк полкі 12 мамыр мен 6 шілде аралығында Тула танк лагерінде орналасып, әскери дайындық, тактикалық жаттығулар, взвод, рота, жалпы полк экипажын жинақтау жұмыстарын жүргізді. 1943 жылдың 7 шілдесі күні, құрамындағы 21 КВ-1С танкісімен лагерьден шығып, 16 шілде күні Оңтүстік майданның 5-ші соққы армиясы қарамағына өтті. Полк Сталино бағытында орналасқан, Дмитриевка маңындағы («Миус фронт») неміс қорғанысын бұзуда, 31-ші гвардиялық атқыштар корпусына қосымша көмек беру тапсырмасын алды. Шабуыл 1943 жылдың 18 шілдесінде басталған кезде, танк құрамалары екпіні мен біліктілігін көрсете алды. Рота командирі капитан Чембуков, КВ-1С танкісімен Дмитриевкеге жау арасынан өтіп кетіп, неміс батальонының штабын талқандап, қолға түсірген құжаттар мен 8 тұтқынды жаяу әскерге берді. Кейін неміс әскерлері биіктіктердің біріне бекініп үлгеріп, Қызыл әскер пехотасының шабуылын тоқтатты. Бірақ капитан Щербатов ротасының шабуылы кезінде жаудың 4 танк, 10 ауыр ату қаруы жойылды. Полк 128,1 биіктігін басып алып, қойылған тапсырманы орындады» (Коломиец, 2014: 112).

1943 жылдың шілде-қыркүйек айлары арасындағы шабуылдардың бірінде Кемел Тоқаев ерлік көрсетіп, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Жоғары басшылық тарапынан берілген медаль құжаты сипаттамасының мазмұнында осыған байланысты құнды мәлімет ұсынылған: «Марапат атауы: «Ерлігі үшін» медалі; Құжат толтырылған күн: 01.09.1943 жыл; Әскери бөлімнің бұйрығы: № 8/и уақыты: 01.09.1943; Берілді: Оңтүстік майданның 7 мшбгтп (маңдай шепті бұзатын гвардиялық танк полкі). Автоматшылар бөлімшесінің басшысы Кемел Тоқаев, әскери іс-қимылдар барысында алдыңғы шепте жүрді. Аса ауыр жағдайларда және үздіксіз жау атқылауы астында танкілермен жаяу байланысын үзбеді. Қарқынды ұрыс барысында су бөгетін кесу қажеттілігі туындады. Басшылық бұйрығымен тез арада су кесу жолын тауып, танкілерді бөгеттен өткізіп берді» (Мұңалбаева, 2021: 7)

Танк полкі маңдай шепті бұзатын құрама болғанымен, архивтік деректердегі штаб бұйрықтарынан көбіне атқыштар дивизиялар шабуылдарына қосымша күш ретінде қолданылғанына көз жеткізуге болады. Ұрыс тапсырмасын орындау барысында, әр түрлі атқыштар дивизияларымен біріге ұйымдастырылған шабуылдар, кей жағдайларда полк құрамындағы ауыр шығындарға әкеліп отырды.

Сталино маңындағы шайқастардан кейін полк қайтадан 1943 жылдың 22 қыркүйегінде Туладағы танк лагеріне жіберіліп, 9 қазан мен 14 қараша аралығында құрамасын жетілдірумен айналысты. 1943 жылдың 23 қарашасында, 7-ші танк полкі Костовцы елді мекені маңында, кейін желтоқсан айының басында 38-ші армия қарамағына беріліп, 136-шы және 137-ші гвардиялық полк тоғысында, жерге көміліп, қорғаныс үшін қолданылған. Ал 1944 жылдың қаңтар, ақпан айларында Гановка, Андрушевка, Тельман елді мекендерінде атақты «Тигр» танкілеріне қарсы ұрыстарға қатысты. Осылайша 1-ші Украин майданында, полк штабының мәліметтеріне қарағанда, жеке құрамнан 37 адам қаза тауып, 19 адам жарақат алған және 7 адам хабар-ошарсыз жоғалған (Коломиец, 2014: 114). Осыған орай, Кемел Тоқаевтың автобиографиялық романындағы оқиғалар, 1943 жылдың қыркүйек айының аяғы мен қазан айларында, Тула маңында өрбиді. Демек, жоғарыда келтірілген деректің хронологиялық аралығына сай келеді деген тұжырым жасауға болады.

Кемел Тоқаев, 2-ші Белорус майданында Польша жеріне дейін жеткен. Алайда, көп ұзамай аяғынан ауыр жарақат алып, әскери госпитальға түсті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» естелікеңбегінде болашақ жазушының жараланғаны туралы келесі мәлімет келтірілген. «Дәрігерлердің айтуынша, сүйек мылжаланып сынғандықтан, аяқты сақтап қалуға ешқандай мүмкіндік жоқ. Сөйтіп, оң аяқты кесуге ұйғарған, бірақ әкей есін жиғаннан кейін аяғын кеспеуді сұрайды. Жас жауынгерді оң аяғынан айырса, оның бүкіл болашағына балта шабатындықтарын түсінген әскери дәрігерлер әкейдің өтінішіне құлақ асыпты. Оны Гомельдегі госпитальге жіберуді ұйғарады, өйткені қан көп кеткен. Жаралы жауынгер Белоруссияда көп болмаған, әскери-медициналық комиссияның шешімімен соғысқа жарамсыз деп табылады да, Омбыдағы әскери госпитальге жіберіледі» (Тоқаев, 2005). Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі Кемел Тоқаевтың жеке қорында емдік қағазының көшірмесі сақталған. Аталған құжатта төмендегідей ақпаратқа көз жеткізуге болады. «1945 жылдың 16 маусымындағы №761 эвакогоспитальдың ауру туралы куәлігінің көшірмесі. 1494-ші эвакуациялық госпитальдың комиссиясы. Атағы: гвардия сержанты, бойы 172 см, салмағы 60 кг, кеуде ауқымы 95 см. 1945 жылы 21 қаңтарда оң аяғынан жараланған. Хирургиялық операция жасалған және жараны жуып-тазалаған. Орама гипс салынған. Аурудың объективті белгілері: оң аяқ тізесінің үстіңгі жағында Н тәрізді 15x4 см көлемді тыртық бар. Тыртық ортасында ірің бөлініп тұратын екі жыланкөз тесік бар. Тыртық оқтың кірген және шыққан тұсында. Балтыр тұсы буындарының қозғалысы дұрыс, одан төменгі тобығының бүгілуі – 100 градус, табанының бүгілуі 110 – градус, балдақпен жүре алады. Оң аяғын кесуден бас тартты. Арнайы тексеріс нәтижесі: 1945 жылдың 25 маусымында сирақтың екі сүйегі де сынған. Аурудың атауы: оқ тесіп кеткен сирақ сүйегінің сынуына байланысты оң аяқ қозғалысының тежелуі, остеомелиттің ауыр түрі. Емі: визиотерапия, сүйекті таңу. КСРО КХҚ 1942 жылғы №386 аурулар тәртібі бұйрығының 49 бабындағы II-III бөлігі негізінде бұдан әрі әскери

қызмет атқаруға жарамайды. Айрықша есепке алынып, алты ай сайын куәландырып отырады. Мүгедектік тобы – екінші, үш айдан сайын куәландырып отырады. Жаяу жүруге жарамайды. Қасында адам жүрудің қажеті жоқ. Аурудың негіздемесі: КСРО-ны қорғау кезінде жараланған» (ҚР ОМА 1038 қ, 1 т, 35в іс, 1 п). Кемел Тоқаевтың құжатта көрсетілген жарақатының сипаты, ұзақ уақыт қалыпқа келуді қажет етіп, әрі қарай әскери қызметке жарамсыз екенін білдіреді. Осылайша болашақ жазушының соғыстағы қиындыққа толы жолы өз аяғына жетті.

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатарында болған белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықов мерзімді баспасөз басылымында жарияланған «Дос» атты мақала-естелігінде, Кемел Тоқаевтың соғысқа қатысты сөздерін төмендегідей келтірген: «Павел Андреев, Олег Умнов, Николай Чирков, Жүніс Хакимов, Рақым Ибрагимов деген жауынгер жолдастары болған екен. Олар Сталинград шабуылы алдында қарамағына берілген автоматчиктер болса керек. Солардың әрқайсысының ерлігі туралы тебірене отырып айтты. Әсіресе, Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданының баласы Бимағамбет Сүлейменов деген досының атын аузынан тастамады. Оны бүкіл бөлімше құрметтеп Биеш деп атаған екен. Қасындағы жан жолдастарын сан рет өлімнен арашалап қалған сол Биеш Сталинград шайқасы шабуылы күндерінің бірінде оққа ұшыпты. Оның өлімін айтқан кезде Кемелдің көзіне мөлтілдеп жас үйірілді» (Нұршайықов, 2003: 5). Бұл естелік үзіндісі ардагер-жазушының басқарған бөлімшесінің жеке құрамы мен араларындағы жауынгерлік бауырластық деңгейінің жоғары болғандығын көрсетеді. Сонымен бірге, соғыс кезеңіндегі жолдастарының өліміне қатысты сөз қозғау Кемел Тоқаевқа эмоциялық тұрғыда оңай болмағанын аңғаруға болады.

### Қорытынды

Қазіргі таңда тәуелсіз ұлттық идеология саясатын жүргізу барысында, келер ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастыруда тарихи тұлғалардың орны ерекше. Қоғам дамуына үлес қосқан саясат, мәдениет, ғылым, өндіріс салаларының, ел азаматтарының, елге күн туғанда жерін қорғаған батырлардың есімдері ұмытылмауы тиіс. Осы бағытта Қазақстан тарихшыларының тарапынан қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Кеңестік кезеңдегі шектеулерден арылған отандық тарих ғылымы, өз мүмкіндігін қалт жібермей жатыр деп ауыз толтырып айтуға болады. Алайда әлі де соңына қалдырған мұрасына сай, жеткілікті деңгейде зерттелмей, тарих беттерінің көлеңкесінде қалып қойған тұлғалардың есімдері аз емес. Өкінішке орай, Кемел Тоқаев тұлғасы да ұзақ уақыт ғалымдардың зерттеу аясынан тысқары қалып отырды. Тек соңғы жылдары ғана бұл мәселе қолға алынып, тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Қазақ әдебиетінің дамуына өз үлесін қосып, жаңа шытырман оқиғалы детективтік жанрды алып келген зерттеліп отырған тұлға екені қазіргі уақытта мойындалып отыр. Қазақ тіліндегі детективтік шығармалар әдебиет саласындағы елеулі жаңашылық болды. Кемел Тоқаев жазушылық жолды бастамас бұрын, қазақ даласында орын алған аштық салдарынан, жетім балалық шақты, ер жеткен кезде ауыр соғыс жылдарын басынан өткізді. Ал бейбіт уақытта ұзақ әрі қажырлы журналистік қызметпен айналысты. Отбасын құрып, балаларын өсіріп, ел қатарлы қоғам мүшесі болды. Аталған өмір соқпақтары мен қуаныштары қаламгердің тұлға болып қалыптасуына, қажетті тәжірибе жинауына әсерін тигізді.

Кемел Тоқаев өміріндегі соғыс жолы, осы күнге дейін тиянақты зерттелмеген. 1942-1943 жылдары «Сталинград қорғаны үшін», 2 мәрте «Ерлігі үшін», 1945 жылы II деңгейлі «Отан соғысы» орденімен марапатталған жауынгер тарихы әлі де көптеген ізденістерді қажет етеді.

Жазушы Ұлы Отан соғысы жылдарында басынан өткерген оқиғаларын «Солдат соғысқа кетті» автобиографиялық романында жазып қалдырған. Әдеби шығарма болғандықтан, кейіпкерлер есімі өзгертілген және елді мекен атаулары қысқартылып, нақты жазылмаған. Алайда осы мақалада романның жалпы мазмұны мен сипатталған оқиғаның көрсетілген уақыты, архивтік құжаттардағы мәліметтерге сәйкес келетіндігі анықталды. Бұл сәйкестіктер Кемел Тоқаевтың автобиографиялық романының тарихи құндылығы бар екендігін дәлелдейді.

### Авторлардың қосқан үлесі

Шакиев Мадияр Нуржанович: мақала идеясы мен негізгі концепциясын құрастырды, мақсаты мен міндеттерін айқындады, әдіснамасын ұсынды, архив құжаттарын жинақтады, мақала мәтінін жазды, академиялық талаптарға сай безендірілуін қамтамасыз етті, негізгі талдау жұмыстары мен қорытындыларды жасады. Садықов Тілеген Садықұлы: деректерге тарихи тұрғыда талдау жасалуын қамтамасыз етті, зерттеу нәтижелері мен жалпылама қорытындыларын жасауға қатысты, аннотация құрылымын дайындады, мәтіннің ғылымилығын қамтамасыз етті, мақсат-міндеттерге сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Жеребцов Игорь Любомирович: терминдер бойынша аударма жұмыстарын жүргізді, архив құжаттарын жүйеледі, аннотацияның орыс тілді мәтіні құрылымын ұсынды, пайдаланылған әдебиеттер мен архивтік құжаттар мәліметтеріне талдау жасады.

### Әдебиеттер тізімі

Атыхан Е. Кемел ғұмырлы Кемел // Газета Айқын. – №71(2465). – 2014. – 3 б.

Аманжолов К.Р. Жауынгерлік туы астында : Қызыл Армияның Қазақстанда құрылған әскери бөлімдері мен құрамаларының ерлікпен өткен жолдары (1918-1945 ж.ж.). – Алматы: Қазақстан, 1991. – 176 б.

Аяған Б.Ғ. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы). – Алматы, 2015. – 592 б.

Аяған Б.Ғ. Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында (Тарихи-құжаттық зерттеу). – Алматы: Өнер, 2010. – 640 б.

Белан П.С., Едігенов Н. Боздақтар. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 480 б.

Габдуллин М. О друзьях-товарищах: Фронтовые очерки. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. – С. 192.

Кайсенов К. Юные партизаны. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1954. – 107 с.

Козыбаев М., Едыгенов Н. Труд во имя Победы. Алматы: Казахстан, 1995. – С.173.

Коломиец М. Модернизированные танки «Клим Ворошилов» KB-1С и KB-85. М.: Стратегия КМ: Яуза: Эксмо, 2014. – С.150

Момыш-ұлы Б. За нами Москва. Записки офицера. Алма-Ата: Казгослитиздат, 1988. – С.262.

Мұңалбаева Ү.Д., Ташимова Б.С., Умарова Г.Т., Акчурина Г.А. Биобиблиографиялық көрсеткіш. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 120 б.

Нұршайықов Ә. Дос // Егемен Қазақстан. – №54-55 (23265). – 2003. – 5 б.

Тоқаев Қ. Әке туралы ой-толғау. – Алматы: Парасат, 2005. – 199 б.

Тоқаев К. Солдат соғысқа кетті. – Алматы : Жазушы, 1983. – 398 б.

**Кемель Токаев в годы Великой Отечественной войны  
(на основе романа «Солдат ушел на войну»)**

**Мадияр Н. Шакиев<sup>1</sup>, Тлеген С. Садықов<sup>1</sup>, Игорь Л. Жеребцов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

<sup>2</sup>*Научный центр Уральского отделения РАН Институт языка, литературы и истории,  
Российская Федерация, Сыктывкар*

**Аннотация.** В статье описывается участие Кемеля Токаева в крупных сражениях Донского, 1-го Украинского, 2-го Белорусского фронтов Великой Отечественной войны. Авторы пытаются раскрыть основные моменты боевого пути исследуемой личности в составе 226-й стрелковой дивизии и 7-го гвардейского танкового полка прорыва Красной Армии. А также дается краткая информация о масштабах тяжелых сражений и вкладе Казахстана в борьбе за освобождение завоеванных территорий. Особое внимание уделяется автобиографическому роману Кемеля Токаева «Солдат ушел на войну», где в содержании указываются временные интервалы происходивших событий. Авторы статьи использовали документы Центрального государственного архива Республики Казахстан, Центрального архива Министерства обороны и Центрального государственного архива Российской Федерации, публикации современников в периодических изданиях и книгу памяти члена семьи, коллективные монографии и историко-документальные сборники отечественных ученых о Великой Отечественной войне. Карты, дополняющие и характеризующие действия танкового полка в боевых действиях, способствовали повышению точности представленных в наглядной форме данных. В ходе сопоставления содержания произведения Кемеля Токаева и сведений, содержащихся в архивных документах, было установлено, что литературное произведение имеет историческую подоплеку. В заключении исследовательской работы были отмечены награды, полученные писателем-ветераном как логическое завершение боевого пути, подчеркнув, что необходимы подробные исследования в этом направлении. Также было отмечено, что развитие нового детективного жанра в казахской литературе напрямую связано с именем Кемеля Токаева.

**Ключевые слова:** Кемель Токаев; война; битва; Красная Армия; Сталинградский фронт; роман; писатель.

**Kemel Tokayev in the years of the Great Patriotic war  
(based on the novel «A soldier who went to war»)**

**Madiyar N. Shakiyev<sup>1</sup>, Tlegen S. Sadykov<sup>1</sup>, Igor L. Zherebtsov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Eurasian National University L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.*

<sup>2</sup>*Scientific Center of the Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, Institute of Language, Literature and History, Syktyvkar, Russian Federation*

**Abstract.** The article describes the participation of Kemel Tokayev in the major battles of the Don, 1st Ukrainian, 2nd Belarusian fronts of the Great Patriotic War. The author tries to reveal the main points of the battle path of the researched person's battle path in the 226th Rifle Division and the 7th Guards Tank Regiment breakthrough of the Red Army. It also gives a brief information on the scale of the heavy battle and Kazakhstan's contribution to the struggle for the liberation of the conquered



territory. Special attention is paid to Kemel Tokayev's autobiographical novel «Soldier went to war», where the content indicates the time intervals of the events. The author of the article used documents of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Central Archive of the Ministry of Defense and the Central State Archive of the Russian Federation, publications of contemporaries in periodicals and a book of memory of a member of the family, Collective monographs and historical and documentary collections of domestic scientists about the Great Patriotic War. Maps supplementing and characterizing the actions of the tank regiment in combat operations helped to improve the accuracy of the data presented in visual form. Comparing the contents of Kemel Tokayev's work with the information contained in archival documents, it was found that the literary work has a historical background. In conclusion of the research it was noted that the awards received by the veteran writer were the logical conclusion of the battle path of struggle stressing the need for detailed research in this direction. It was also noted that the development of a new detective genre in Kazakh literature is directly related to the name of Kemel Tokayev.

**Keywords:** Kemel Tokayev; war; battle; Red Army; Stalingrad front; novel; writer.

### References

- Atyhan E. Kemel gumyrlы Kemel [Kemel's life]. 71(2465) (2014). [in Kazakh].
- Amanzholov K.R. Zhauyngerlik tuy astыnda: Kyzyl Armiyanyn Kazakstanda kurylgan askeri bolimderi men kuramalarynyn erlikpen otken zholdary (1918-1945) [Under the combat flag: the heroic path of military units and formations of the Red Army formed in Kazakhstan (1918-1945)]. (Almaty: Kazakstan, 1991. 176 p.) [in Kazakh].
- Ayagan B.G. Abyroi men paryz (Europa elderindegi Ekinshi dьniezhьzilik zhəne Uly Otan sogysyna kazakstandyktardyn katysuy) [Honor and duty (participation of Kazakhstan's in the Second World and Great Patriotic War in European countries)]. (Almaty, 2015. 592 p.) [in Kazakh].
- Ayagan B.G. Kazak zhauyngeri Uly Otan sogysy majdanynda (Tarihi-kuzhatyк zertteu)[Kazakh soldier on the fronts of the Great Patriotic War (historical and documentary research)]. (Almaty: Oner, 2010. 640 p.) [in Kazakh].
- Belan P.S., Edigenov N. Bozdaktar[Grey]. (Almaty: Kazakstan, 1995. 480 p.) [in Kazakh].
- Gabdullin M. O druz'yah-tovarishchah: Frontovye ocherki[About friends-comrades: Front-line essays]. (Alma-Ata: Kazgoslitizdat, 1961. 192 p.) [in Russian].
- Kaisenov K. Yunye partizany [Young partisans]. (Alma-Ata: Kaz. Gos. izdat, 1954. 107 p.) [in Russian].
- Kozybaev M., Edygenov N. Trud vo imya Pobedy[Labor in the name of Victory]. (Almaty: Kazahstan, 1995. 173 p.) [in Kazakh].
- Kolomiec M. Modernizirovannye tanki «Klim Voroshilov» KB-1S i KV-85 [Upgraded tanks «Klim Voroshilov»]. (M.: Strategiya KM: YAuzа: Eksmo, 2014. 150 p.) [in Russian].
- Momysh-uly B. Za nami Moskva. Zapiski oficera[Moscow is behind us. Officer's notes]. (Alma-Ata: Kazgoslitizdat, 1988. 262 p.) [in Russian].
- Mynalbaeva Y.D., Tashimova B.S., Umarova G.T., Akchurina G.A. Biobibliografijalyk korsetkish [Biobibliographic indicator], (Nyr-Syltan, 2021, 120 p.) [in Kazakh].
- Nurshaiykov A. Dos [Friend]. 54-55(23265) (2003). [in Kazakh].
- Tokayev Қ. Ake turaly oi-tolgau [a word about the father]. (Almaty: Parasat, 2005. 199 p.) [in Kazakh].
- Tokayev K. Soldat sogyska ketti [The soldier went to war]. (Almaty: Zhazushy, 1983. 398 p.) [in Kazakh].

**Information about authors /Авторлар туралы мәлімет /  
Сведения об авторах**

*Шакиев Мадияр Нуржанович* – «Тарих» білім беру бағдарламасының 3-курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Тарих факультеті, Пушкин көшесі 11, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы. Пошта индексі: 010000

*Шакиев Мадияр Нуржанович* – докторант, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, улица Пушкина, 11, г. Астана, Республика Казахстан. Почтовый индекс: 010000.

*Shakiyev Madiyar Nurzhanovich* – The 3rd year doctoral student in History, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Faculty of History, Pushkin street 11, Astana city, Republic of Kazakhstan. Post code: 010000

*Садықов Тілеген Садықұлы* – Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ғылыми жетекші, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Тарих факультеті, Пушкин көшесі 11, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы. Пошта индексі: 010000

*Садықов Тлеген Садыкович* – доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, улица Пушкина, 11, г. Астана, Республика Казахстан. Почтовый индекс: 010000.

*Sadykov Tlegen Sadykovich* – Doctor of Historical Sciences, Professor, scientific supervisor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Faculty of History, Pushkin street 11, Astana city, Republic of Kazakhstan. Post code: 010000

*Жеребцов Игорь Любомирович* – Тарих ғылымдарының докторы, РҒА Орал бөлімшесінің ғылыми орталығы Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры, Коммунистическая көшесі 26, Сыктывкар қаласы, Коми Республикасы, Ресей Федерациясы. Пошта индексі: 167000

*Жеребцов Игорь Любомирович* – доктор исторических наук, директор Института языка, литературы и истории, Научный центр Уральского отделения РАН, улица Коммунистическая, 26, г. Сыктывкар, Республика Коми, Российская Федерация. Почтовый индекс: 167000.

*Zherebtsov Igor Lyubomirovich* – Doctor of Historical Sciences, , director of Institute of Language, Literature and History of Scientific Center of the Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, Communistic street 26, Syktyvkar city, Republic of Komi, Russian Federation. Post code: 167000